



## **"Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 748 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
«Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Жоба

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы**

Осы Заң бағалау объектілерінің нарықтық немесе өзгеше құнын белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында бағалау қызметін жүзеге асыру кезінде жеке және заңды тұлғалар арасында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

#### **1-бап. Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасы**

1. Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Мемлекеттік мүлікті бағалауды ұйымдастыру ерекшеліктері, мүлік мемлекеттік мүліктің құрамына түскен, мемлекеттік мүлікті жеке тұлғалар мен мемлекеттік емес заңды тұлғалардың пайдалануына берген, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті иеліктен шығарған кездегі мүлікті бағалау жағдайлары мен ерекшеліктері «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-тарауында белгіленеді.

3. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

#### **2-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) аккредиттеу - осы Заңда көзделген Біліктілік комиссиясының құқықтылығын

уәкілетті органның ресми мойындауы;

2) бағалау - бағалау объектісінің ықтимал нарықтық немесе өзге құнын айқындау;

3) бағалау амалы - бағалаудың бір немесе бірнеше әдістерін пайдалана отырып, бағалау объектісінің ықтимал нарықтық немесе өзге құнын айқындау тәсілі;

4) бағалау әдісі - бағалау объектісінің нарықтық және өзге құнын белгілеу үшін пайдаланылатын заңдық, қаржы-экономикалық және ұйымдастырушылық-техникалық сипаттағы іс-қимылдар жиынтығы;

5) бағалау күні - бағалау объектісінің ықтимал нарықтық немесе өзге құны айқындалатын күн немесе уақыт кезеңі;

6) бағалау қызметі - егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, бағалау объектілеріне қатысты бағалау ұйымдары жүзеге асыратын белгілі бір күнге нарықтық немесе өзге құнды белгілеуге бағытталған кәсіпкерлік қызмет;

7) бағалау стандарты - бағалау қызметі саласындағы қағидалар, қағидаттар мен сипаттамалар жалпыға бірдей және бірнеше рет пайдалану үшін белгіленетін нормативтік құжат;

8) бағалау туралы есеп - Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы заңнамаға сәйкес жасалған, объектіні бағалау бойынша жұмыстың қорытындысы қамтылған жазбаша құжат;

9) бағалау ұйымы - бағалау қызметін жүзеге асыру үшін құрылған коммерциялық ұйым;

10) бағалаушы — Біліктілік комиссиясы берген «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәлігін алған, өз қызметін бір бағалау ұйымының құрамында бағалаушы ретінде тікелей жүзеге асыратын жеке тұлға;

11) «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәлік - тұлғаның осы Заңда, Қазақстан Республикасының стандарттарында және өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген бағалаушыға кандидаттың даярлығы, кәсіптік білімі мен дағдылары деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын құжат;

12) бағалаушылар палатасы - бағалаушылардың, бағалаушы ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында құрылған өзін-өзі реттеуші ұйым;

13) бағалаушының көмекшісі - бағалау ұйымында еңбек шарты негізінде жұмыс істейтін адам;

14) Біліктілік комиссиясы - бағалаушыларға кандидаттардың біліктілігін растау және аумақтық бағалаушылар палаталарының, Республикалық бағалаушылар палатасының сарапшыларынан біліктілік емтиханын алу үшін құрылған, уәкілетті орган аккредиттеген Республикалық бағалаушылар палатасының органы

15) дұрыс емес бағалау - жоқ объектіге немесе бағалау қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, бағалау стандарттарының талаптарын бұза отырып, бағалау туралы есепте бағалау объектісінің нарықтық немесе өзге құнын бұрмалауға әкеп соғатын дұрыс емес деректерді пайдалана отырып жүзеге асырылған бағалау;

16) есепке сараптама жүргізу - аумақтық бағалаушылар палатасы, Республикалық бағалаушылар палатасы сарапшысының немесе сарапшыларының объекті есебінің Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасының талаптарына, соның ішінде осы Заңның, бағалау қызметі стандарттарының талаптарына сәйкестігін тексеру, есепте айқындалған бағалау объектісінің құнын растау мақсатындағы і с - қ и м ы л ы ;

17) кадастрлық (бағалау) құны - мемлекет жер учаскесін немесе оны жалдау құқығын сатқан кезде қолданатын, инфляцияның жалпы деңгейі туралы статистикалық ресми ақпаратқа және оған түзету коэффициенттеріне сәйкес жер учаскесінің кезең-кезеңмен нақтыланып тұратын базалық мөлшерлемелері негізінде айқындалған жер учаскелері үшін төлемнің есептік құны;

18) қайталап бағалау - бағалау ұйымдары, тапсырыс берушілер және үшінші тұлғалар арасында бағалау нәтижелері бойынша туындайтын даулардың салдарынан объектінің нарықтық немесе өзге құнын айқындау;

19) мүдделер қақтығысы - бағалау ұйымының мүдделілігі бағаланатын мүліктің бағалау есбінің дұрыстығы туралы оның пікіріне ықпал етуі мүмкін болатын кездегі о қ и ғ а ;

20) нарықтық құн — мәміле жасасушы тараптар бағалау объектісі туралы қолжетімді барлық ақпаратты иелене отырып әрекет ететін, бәсекелестік жағдайындағы мәміленің негізінде сол объектіні иеліктен шығаруға болатын, ал:

мәміле жасасушы тараптардың бірі бағалау объектісін иеліктен шығаруға, ал екінші тарап сатып алуға міндетті болмайтын;

мәміле жасасушы тараптар мәміленің нысанасы туралы жақсы хабардар болып, өз мүдделеріне әрекет етететін;

мәміленің бағасы бағалау объектісі үшін ақшалай сыйақының баламасы болып табылатын және мәміле жасасушы тараптарға қатысты қандай да бір тараптан мәміле жасасуға мәжбүрлеу болмаған кезде қандай да бір төтенше жағдайлар мәміленің бағасына әсер етпейтін ақшалай есеп айырысу сомасы;

21) өзге құн — бағалау объектісінің нарықтық құнынан басқа, түрлері бағалау стандарттарымен белгіленетін өзге құны;

22) сарапшы - Біліктілік комиссиясы берген «сарапшы» біліктілігін беру туралы куәлігі бар, аумақтық бағалаушылар палатасы, Республикалық бағалаушылар палатасы с а р а п ш ы л ы қ к е ң е с і н і ң м ү ш е с і ;

23) «сарапшы» біліктілігін беру туралы куәлік - бағалаушының Республикалық бағалаушылар палатасы белгілеген кәсіби білімінің деңгейіне қойылатын талаптарға сарапшының сәйкестігін растайтын құжат;

24) тапсырыс беруші - жеке немесе заңды тұлға, бағалау ұйымының қызметтерін т ұ т ы н у ш ы ;

25) тапсырыс берушінің үлестес тұлғасы - бағалау объектісінің ықтимал нарықтық

немесе өзге құнын айқындау жөніндегі шешімін тікелей және (немесе) жанама түрде айқындауға және (немесе) бір-бірінің (тұлғалардың бірі) қабылдайтын осындай шешіміне, оның ішінде жасасқан мәмілелерге орай ықпал етуге мүмкіндігі бар жеке немесе заңды тұлға (өз құзыреттері шегінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асырушы мемлекеттік органдарды қоспағанда);

26) уәкілетті орган - бағалау қызметі саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

27) үшінші тұлғалар - бағалаушылардың, бағалау ұйымдарының және тапсырыс берушілердің қатарына кірмейтін, бағаланатын мүлікке, бағалау ұйымының бағалау қызметіне және тапсырыс берушінің тапсырысына белгілі бір қатысы бар тұлғалар;

28) халықаралық бағалау стандарттары - Халықаралық бағалау стандарттары жөніндегі комитет шығарған бағалау стандарттары.

### **3-бап. Бағалау қызметінің негізгі қағидаттары**

Бағалау қызметінің негізгі қағидаттары:

1) заңдылық;

2) объективтілік;

3) дұрыстық;

4) тәуелсіздік;

5) құпиялылық болып табылады.

### **4-бап. Бағалау қызметінің субъектілері**

1. Бағалау ұйымдары бағалау қызметінің субъектілері болып табылады.

2. Бағалау ұйымдары Қазақстан Республикасының рұқсат беру және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензия негізінде бағалау қызметімен айналысуға құқылы.

3. Бағалау ұйымы аумақтық бағалаушылар палатасының бірінің мүшесі болуға тиіс.

4. Бағалау ұйымы басшысының «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәлігінің болуы міндетті.

5. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес лицензиясынан айырылған, бағалау ұйымын бұрын басқарған бағалаушы соттың лицензиядан айыру туралы шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде басқа бағалау ұйымының басшысы бола алмайды.

6. Бағалау ұйымының филиалын, өкілдігін құрған жағдайда бағалау ұйымының филиалы, өкілдігі басшысының «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәлігінің болуы міндетті.

### **5-бап. Бағалау объектілері**

Бағалау объектілеріне:

1) жекелеген материалдық объектілер (заттар), оның ішінде қараусыз қалған, иесіз мүліктер;

2) тұлғаның мүлкін, оның ішінде мүліктің белгілі бір түрін (жылжымалы немесе

жылжымайтын) құрайтын заттардың жиынтығы;

3) меншік құқығы және мүлікке немесе мүліктің құрамындағы жекелеген заттарға өзге де заттық құқықтар;

4) талап ету құқығы, міндеттемелер (борыштар);

5) жұмыстар, көрсетілетін қызметтер, ақпарат;

6) зияткерлік меншік құқығының объектілері;

7) азаматтық құқықтардың өзге де объектілері жатады.

#### **6-бап. Бағалау түрлері**

1. Міндетті және бастамашылық бағалау бағалау түрлері болып табылады;

2. Міндетті бағалау Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес:

1) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын жылжымайтын объектілеріне салық салу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес шаруа немесе фермер қожалықтарының жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын айқындау;

2) жекешелендіру, сенімгерлік басқаруға не жалға (кейіннен сатып алатын жалға) беру үшін;

3) ипотекалық қарыз беру кезінде, сондай-ақ кепілге қойылған мүлікті өткізу қажет болған кезде ипотекалық кредит беру үшін;

4) меншік иесінен мүлікті мемлекеттік қажеттіліктерге сатып алу және алып қою үшін;

5) борышкер немесе өндіріп алушы сот орындаушысы жүргізген бағалауға қарсылық білдірген жағдайда борышкер мүлкінің құнын айқындау үшін;

6) мемлекеттік меншікке түскен мүлік құнын айқындау үшін;

7) өзге де жағдайларда жүргізіледі.

3. Бастамашылық бағалау тапсырыс берушінің кез келген бағалау объектісіне бағалау ұйымының осы Заңға және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес бағалау жүргізуі жөнінде ерік білдіруі негізінде жүргізіледі.

Бағалау объектісіне бағалау жүргізу құқығы міндетті құқық болып табылады.

Осы құқық бағалау объектісіне қайтадан бағалау жүргізуге де қолданылады.

Ескерту. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмаған мүлкін салық салу үшін бағалау жөнінде қызмет көрсетулерге тапсырыс беруші болып табылады.

#### **7-бап. Салық салу объектілерінің құнын айқындау саласындағы мемлекеттік монополия**

1. Жер учаскелерінің және салық салу объектілерінің (тұрғын үйдің, саяжай құрылысының, аяқталмаған құрылыс объектісінің, салқын жапсаржайдың, шаруашылық (қызметтік) құрылыстың, шығыңқы ірге қабатының, тұрғын үй

жертөлесінің, гараждың) кадастрлық (бағалау) құнын айқындау жөніндегі қызмет мемлекеттік монополияға жатады және оны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорындар жүзеге асырады.

Жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызметте пайдаланылмайтын, салық салынуға жататын жылжымайтын мүлік объектілеріне бағалау жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

## **2-тарау. Бағалау жүргізудің негіздері мен шарттары**

### **8-бап. Бағалау жүргізудің негіздемелері**

1. Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес бағалау ұйымы мен тапсырыс берушінің арасында жасалған бағалау жүргізу шарты бағалауды жүргізуге негіздеме болып табылады.

Бағалау жүргізу шарты бойынша бағалау ұйымы бағалау объектілерінің нарықтық немесе өзге құнын белгілеу үшін қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал тапсырыс беруші осы қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда объектіні бағалау, оның ішінде қайта бағалау соттың немесе уәкілетті органның шешімі негізінде жүргізілуге тиіс.

3. Сот және уәкілетті орган бағалау ұйымын таңдауда дербес болады.

### **9-бап. Бағалау жүргізу шартына қойылатын міндетті талаптар**

1. Бағалау жүргізу шартына Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің өтемді қызметтер көрсету шарты туралы нормалары қолданылады.

2. Бағалау жүргізу шартында мыналар қамтылуға тиіс:

1) тапсырыс беруші мен бағалау ұйымының деректемелері: жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), тұратын жері; заңды тұлға үшін - атауы, орналасқан жері (почталық мекенжайы), банктік деректемелері;

2) бағалау объектісінің (объектілерінің) атауы және (немесе) орналасқан жері, айқындалатын құнның түрі;

3) бағалау жүргізу мақсаты;

4) бағалау түрі;

5) бағалау объектісінің түрі;

6) бағалау жүргізудің мерзімдері;

7) бағалау жүргізу кезінде қолданылатын бағалау стандарттарына нұсқау;

8) көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеудің шарттары, тәртібі және мөлшері;  
9) тараптардың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі;  
10) тапсырыс берушінің бағалау объектісіне меншік құқығын растайтын құжаттың деректемелері не тапсырыс берушіге бағалау туралы шарт жасау құқығын беретін өзге де негіздемелер;

11) мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның деректемелері (лицензия берген орган көрсетілген оның нөмірі мен берілген күні).

Объектіге бағалау жүргізу шартында осы тармақта көзделмеген басқа да талаптар белгіленуі мүмкін.

### **10-бап. Бағалау туралы есептің мазмұнына қойылатын талаптар**

1. Жүргізілген бағалаудың нәтижелері бойынша бағалау туралы есеп екі данада жасалады, оның біреуі тапсырыс берушіде, екіншісі бағалау ұйымында сақталады. Бағалау туралы есептің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Бағалау ұйымының есебіне бағалаушы - жеке тұлға қол қояды, бағалау ұйымының басшысы бекітеді және мөрмен расталады.

3. Егер бағалауды бағаланатын бағалау объектісінің құрамына кіретін әртүрлі бағалау объектілері бойынша бірнеше бағалаушы жүргізген жағдайларда, есепке әрбір бағалаушы өзі бағалау жүргізген бағалау объектілерін көрсетіп қол қояды.

### **11-бап. Бағалаушының тәуелсіздігі**

1 . Е г е р :

1) бағалаушының бағалау объектісіне қатысты шарттан тыс заттық немесе міндеттемелік құқығы болса не оны сатып алса;

2) бағалау ұйымының бағалау объектісіне мүліктік мүддесі болса;

3) бағалау ұйымы тапсырыс берушінің үлестес тұлғасы болып табылса;

4) заңды тұлға - тапсырыс беруші бағалаушының немесе бағалау ұйымының кредит берушісі немесе сақтандырушысы болып табылса;

5) бағалаушы заңды тұлға — тапсырыс берушінің акционері, құрылтайшысы, қызметкері, меншік иесі, қатысушысы, кредит берушісі, дебиторы, демеушісі болып табылса не бағалаушы - жеке тұлға тапсырыс беруші - жеке тұлғаның жақын туысы немесе жекжаты болып табылса;

6) бағалаушы бағалау ұйымының қызметкері болып табылса, басшысы не ол уәкілеттік берген адам тапсырыс беруші - жеке тұлғамен және (немесе) заңды тұлғаның басшысымен не ол уәкілеттік берген адаммен жақын туыстық немесе жекжаттық қарым-қатынаста болса;

7) жасалған жария шарттардан туындайтын міндеттемелерді қоспағанда, мүдделер қақтығысының туындауына әкелсе немесе осындай қақтығыстың туындауы қауіп-қатерін жасаса, бағалау жүргізілмеуі мүмкін.

2. Егер бағалау жүргізу нәтижесінің дұрыстығына, оның ішінде бағалау жүргізу кезінде анықталуға тиіс мәселелер шеңберін шектеуге теріс әсерін тигізуі мүмкін болса, бағалаушының және бағалау ұйымының қызметіне тапсырыс берушінің не өзге мүдделі тұлғалардың араласуына жол берілмейді.

3. Бағалау жүргізгені үшін бағалау ұйымына төленетін ақының мөлшері бағалау объектісінің айқындалатын құнына пайыздық қатынаспен көрсетілмейді және ол тараптардың келісімі бойынша жұмыстарды орындағанға дейін белгіленеді.

## **12-бап. Бағалау туралы есепке сараптама жүргізу**

1. Есепте белгіленген бағалау объектісінің нарықтық немесе өзге де құны шамасының дұрыстығы туралы дау болған жағдайда, оның ішінде осы объектінің бағалау туралы өзге де есебінің болуына байланысты бағалау туралы есепке сараптама жүргізіледі.

2. Есепке сараптама жүргізу деп бағалауды жүзеге асыратын бағалау ұйымының басшысы бекіткен бағалаушы немесе бағалаушылар қол қойған есепті тексеру мақсатында аумақтық бағалаушылар палатасының, Республикалық бағалаушылар палатасы сарапшысының (сарапшыларының) іс-әрекеттері, оның ішінде:

Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасының талаптарына, оның ішінде осы Заңның, бағалау қызметі туралы стандарттардың талаптарына сәйкестігіне;

бағалаушы есепте айқындаған бағалау объектісінің құнын растауға арналған тексерулер түсініледі.

3. Бағалау туралы есептің сараптамасы бағалау туралы есептің сараптамасына бастамашылық етуші тарап есебінен жүзеге асырылады.

4. Бағалау туралы есепке сараптама жүргізуді бағалауды жүргізген бағалау ұйымының мүшесі болып табылатын аумақтық бағалаушылар палатасының сарапшысы (сарапшылары) жүзеге асырады.

Бағалау туралы есептің сараптамасын сараптама жүргізуге есебі берілген бағалау ұйымының бағалаушысы болып табылатын сарапшының жүзеге асыруға құқығы жоқ.

5. Бағалау туралы есепке сараптама жүргізу нәтижелерімен келіспеген жағдайда бағалау туралы есепке сараптама жүргізуді Республикалық бағалаушылар палатасы сарапшылық кеңесіне мүше-сарапшылар жүргізеді.

6. Аумақтық бағалаушылар палатасының, Республикалық бағалаушылар палатасының сарапшысы немесе сарапшылары дайындаған оң немесе теріс сараптамалық қорытындысы есепке сараптама жүргізудің нәтижесі болып табылады.

Осы бапта белгіленген сараптама түрлері үшін оң сараптама қорытындысы деп есептің Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасының, оның ішінде осы Заңның, бағалау қызметі туралы стандарттардың және бағалаушы есепте айқындаған бағалау объектісінің құнын растау туралы талаптарына сәйкестігі туралы тұжырымды қамтитын сараптама қорытындысы танылады.



7. Есепке сараптама жүргізу тәртібін, сараптама қорытындысына қойылатын талаптарды және оны бекіту тәртібін Республикалық бағалаушылар палатасы белгілейді.

### **13-бап. Сарапшылық кеңес**

1. Бағалаушылар палатасының сарапшылық кеңесі Республикалық бағалаушылар палатасы белгілеген сарапшы білімінің деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес біліктілік емтиханын тапсырған аумақтық бағалаушылар палатасының мүшесі болып табылатын бағалау ұйымының бағалаушылары қатарынан қалыптастырылады.

2. Біліктілік емтиханын Біліктілік комиссиясы жазбаша нысанда жүргізеді.

3. «Сарапшы» біліктілігін беру туралы куәлік біліктілік емтиханын тапсыру қорытындысы бойынша беріледі және бағалаушының осы Заңда, Қазақстан Республикасының стандарттары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген сарапшыларға кандидаттардың даярлығы, кәсіби білімі мен бейіні деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігін растайтын куәлік болып табылады.

«Сарапшы» біліктілігін беру туралы куәліктің нысаны, оларды берудің, күшін жоюдың және тізілімін жүргізудің тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

4. «Сарапшы» біліктілігін беру туралы куәліктен айыру әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамаға сәйкес сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

«Сарапшы» біліктілігін беру туралы куәліктен айыру туралы шешімді Республикалық бағалаушылар палатасы өзінің интернет-ресурсында орналастырады және (немесе) кезеңдік баспа басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде ж а р и я л а й д ы .

«Сарапшы» біліктілігін беру туралы куәліктен айырылған адамдарға біліктілігін қайта растауына кемінде үш жылдан кейін рұқсат етіледі.

5. Республикалық бағалаушылар палатасының сарапшылық кеңесі аумақтық бағалаушылар палаталарының сарапшылары қатарынан қалыптастырылады. Әрбір аумақтық бағалаушылар палатасы Республикалық бағалаушылар палатасының сарапшылық кеңесіне бір-бір өкіл ұсынуға құқылы. Республикалық бағалаушылар палатасы сарапшылық кеңесінің мүшелері үш жыл мерзімге сайланады.

Республикалық бағалаушылар палатасы сарапшылық кеңесінің төрағасы болып аумақтық бағалаушылар палатасының сарапшысы Республикалық бағалаушылар палатасы сарапшыларының жай көпшілік дауысымен үш жыл мерзімге сайланады. Бір адам екі жыл қатарынан төраға болып сайлана алмайды.

6. Бағалау туралы есепке сараптама жүргізу үшін ғылымның, техниканың, өнердің немесе қолөнердің белгілі бір саласында арнайы білім қажет болған жағдайларда бағалаушылар палаталары жүргізілетін бағалау бейіні бойынша ғалымдар мен мамандарды тартады.

### **14-бап. Бағалау стандарттары**

1. Бағалау қызметі саласындағы халықаралық стандарттар және Республикалық бағалаушылар палатасы әзірлеген, уәкілетті орган бекіткен бағалау стандарттары Қазақстан Республикасындағы бағалау стандарттары болып танылады.

Республикалық бағалаушылар палатасы әзірлеген бағалау стандарттары халықаралық стандарттарға және Қазақстан Республикасының бағалау қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес келуге тиіс.

Халықаралық стандарттарды қазақ тіліне ресми түрде аударуды оларды Қазақстан Республикасында ресми түрде аударуға және жариялауға Стандарттар жөніндегі халықаралық кеңестің жазбаша рұқсат беруімен Республикалық бағалаушылар палатасы жүзеге асырады. Халықаралық стандарттарды жариялауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

2. Бағалау қызметі саласындағы халықаралық стандарттар және уәкілетті орган бекіткен бағалау стандарттары бағалау қызметі саласында туындайтын қоғамдық қатынастардың барлық қатысушылары үшін жалпыға бірдей міндетті болып табылады және олардың күші Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қолданылады.

3. Бағалау стандарттары қабылдануы Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға жатпайды.

### **3-тарау. Бағалау ұйымдарының құқықтары мен міндеттері**

#### **15-бап. Бағалау ұйымының құқықтары**

Бағалау ұйымының :

1) қажет болған жағдайда бағалау жүргізуге шарттық негізде өзге де бағалаушыларды не басқа да мамандарды қатысуға тартуға;

2) егер тапсырыс беруші шарт талаптарын бұзған, бағалау объектісі туралы қажетті ақпараттың ұсынылуын қамтамасыз етпеген жағдайларда бағалау жүргізуден бастартуға ;

3) мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, бағалау жүргізу үшін қажетті ақпаратты үшінші тұлғалардан жазбаша немесе ауызша нысанда сұратуға құқығы бар.

#### **16-бап. Бағалау ұйымының міндеттері**

Бағалау ұйымы :

1) бағалау қызметін жүзеге асыру кезінде осы Заңның, бағалау стандарттарының және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауға ;

2) өзі мүшесі болып табылатын аумақтық бағалаушылар палатасы бекіткен іскерлік және кәсіптік әдеп қағидаларын сақтауға;

3) өз мүшелерінің жұмыс сапасын бақылаудың ішкі тәртібін әзірлеуге және бекітуге

- ;
- 4) аумақтық бағалаушылар палатасының біреуінің ғана мүшесі болуға;
  - 5) осы Заңның 11-бабының 1, 2-тармақтарында, 15-бабының 2), 3) тармақшаларында көзделген мән-жайлардың және объективті бағалау жүргізуге кедергі келтіретін өзге де мән-жайлардың туындауы салдарынан бағалауды жүргізудің мүмкін еместігі туралы тапсырыс берушіге хабарлауға;
  - 6) бағалау жүргізу барысында тапсырыс беруші мен үшінші тұлғалардан алынатын құжаттардың сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етуге;
  - 7) уәкілетті орган өкілінің және тапсырыс берушінің талап етуі бойынша мүлікті бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензияны көрсетуге;
  - 8) заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, бағалау жүргізу барысында тапсырыс берушіден және үшінші тұлғалардан алынған құпия ақпаратты ж а р и я е т п е у г е ;
  - 9) тапсырыс берушіге бағалау туралы есепті беруге;
  - 10) бағалау жүргізу шарттарының нөмірлерін көрсете отырып, хронологиялық тәртіппен бағалау жүргізу есептерінің кітабын жүргізуге;
  - 11) бағалау туралы жасалған есептерді 5 жыл бойы сақтауға;
  - 12) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың 5-күнінен кешіктірмей, бағалау ұйымы мүшесі болып табылатын аумақтық бағалаушылар палатасына филиалдардағы, өкілдіктердегі бағалаушылар туралы ақпаратты қоса алғанда, бағалаушылар құрамы туралы ақпаратты, бағалау ұйымының қызметі туралы статистикалық ақпаратты (тоқсанда жүргізілген бағалаулар саны) уәкілетті орган б е к і т к е н н ы с а н б о й ы н ш а ұ с ы н у ғ а ;
  - 13) бағалау ұйымы мүшесі болып табылатын аумақтық бағалаушылар палатасына сапаға бақылау жүргізу үшін заңды тұлғаның немесе тапсырыс берушінің коммерциялық құпиясын құрайтын ақпаратты, не оған қатысты оның құпиялылығын қамтамасыз ету туралы талап белгіленген өзге де ақпаратты қоспағанда, негізге алынып бағалау жүргізілген құжаттар мен материалдарға рұқсат беруге;
  - 14) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда сақтаулы тұрған бағалау туралы есептердің көшірмесін немесе ақпаратты мемлекеттік органдарға, аумақтық бағалаушылар палаталарына олардың заңды түрде талап етуі б о й ы н ш а б е р у г е ;
  - 15) өзі мүшесі болып табылатын аумақтық бағалаушылар палатасының өтемақы қорына осы Заңда белгіленген тәртіппен және мөлшерде жыл сайын жарна енгізуге міндетті.

#### **4-тарау. Бағалаушының құқықтары мен міндеттері**

##### **17-бап. Бағалаушының құқықтары**

## 1. Бағалаушының:

1) дереккөздерін көрсете отырып, бағалау стандарттарына және (немесе) халықаралық стандарттарға сәйкес бағалау әдістері мен бағалау амалдарын дербес қолдануға;

2) бағалау жүргізу кезінде тапсырыс берушіден объектіге, сондай-ақ бағалауды жүзеге асыруға қажетті құжаттамаларға толық көлемде қолжетімділікті қамтамасыз етуді талап етуге;

3) тапсырыс берушіден бағалауды жүзеге асыруға қажетті түсініктемелер мен қосымша мәліметтерді алуға құқығы бар.

2. Осы баптың 1-тармағының 2), 3) тармақшаларында көрсетілген бағалау нәтижелерінің дұрыстығына елеулі түрде ықпал ететін ақпаратты беруден бас тартылған жағдайда, бағалаушы оны есепте көрсетеді.

### 18-бап. Бағалаушының міндеттері

#### Бағалаушы:

1) бағалау қызметін жүзеге асыру кезінде осы Заңның, бағалау стандарттарының, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауға;

2) іскерлік және кәсіптік әдеп қағидаларын сақтауға;

3) объективті бағалау жүргізуге кедергі келтіретін мән-жайлардың туындауы салдарынан бағалауды жүргізуге өзінің қатысуы мүмкін еместігі туралы тапсырыс берушіге хабарлауға;

4) бағалау жүргізу барысында тапсырыс берушіден және үшінші тұлғалардан алынатын құжаттардың сақталуын және құпиялылығын қамтамасыз етуге;

5) уәкілетті орган өкілінің және тапсырыс берушінің талап етуі бойынша «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәлігін көрсетуге;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, бағалау жүргізу барысында тапсырыс берушіден және үшінші тұлғалардан алынған құпия ақпаратты жария етпеуге;

7) объектілерді тікелей зерттеуді жүзеге асыруға міндетті.

## 5-тарау. Бағалаушылар палатасы

### 19-бап. Аумақтық бағалаушылар палатасы

1. Аумақтық бағалаушылар палатасы коммерциялық емес ұйымдарда өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылады.

Аумақтық бағалаушылар палатасы - өзінің құрамына кемінде бес бағалау ұйымын біріктіретін, бағалаушылардың, бағалаушы ұйымдардың мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және бағалау қызметін бақылауды жүзеге асыру мақсаттарында құрылған, өзін-өзі реттейтін коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Аумақтық бағалаушылар палатасы Республикалық бағалаушылар палатасының мүшесі болып табылады.

Республикалық бағалаушылар палатасының мүшесі болып табылмайтын бағалаушылар палатасы уәкілетті органның ұсынуы бойынша сот тәртібімен мәжбүрлі түрде таратуға жатады.

2. Аумақтық бағалаушылар палатасының қызметі осы Заңмен және жарғымен реттеледі.

3. Қазақстан Республикасының әрбір облысының, республикалық маңызы бар қаласының және астанасының аумағында бір ғана бағалаушылар палатасы құрылады.

4. Аумақтық бағалаушылар палатасының атауында оның орналасқан жері Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне сәйкес қамтылуға тиіс.

5. Аумақтық бағалаушылар палатасын қайта құру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

## **20-бап. Аумақтық бағалаушылар палатасының құқықтары мен міндеттері**

1. Аумақтық бағалаушылар палатасы:

1) өз атынан аумақтық бағалаушылар палатасының, оның мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын не осындай бұзу қаупін тудыратын мемлекеттік билік органдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының кез келген актілерін, шешімдерін және (немесе) әрекетін (әрекетсіздігіне) заңнамада белгіленген тәртіппен даулауға;

2) мемлекеттік билік органдарынан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан ақпарат сұратуға және заңнамалық тәртіппен осы органдардан аумақтық бағалаушылар палатасына Қазақстан Республикасы заңнарымен жүктелген функцияларды оның орындауы үшін қажетті ақпаратты алуға;

3) аумақтық бағалаушылар палатасы өкілдерін Біліктілік комиссиясының құрамына енгізу үшін ұсынуға;

4) уәкілетті органға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес аумақтық бағалаушылар палатасы мүшесінің лицензиясын, сондай-ақ «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәлігін тоқтата тұру немесе одан айыру бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы өтінішхат ұсынуға;

5) бағалаушы ұйымдарының сапасына сыртқы бақылауды жүзеге асыруға және жүргізілген бақылау қорытындылары бойынша бағалау стандарттарының және Ар-намыс кодексінің бұзылуына жол берген бағалау ұйымдарын бағалаушылар палатасынан шығаруға;

6) мүдделі тараптардың біреуі бағалау нәтижелерімен келіспеген, уәкілетті орган жүгінген жағдайда бағалау объектісіне сараптама жүргізуге құқылы.

2. Аумақтық бағалаушылар палатасы, егер оның құқықтарын шектеу осы Заңда және (немесе) оның құрылтай құжаттарында көзделмесе, осы баптың 1-тармағында белгіленген құқықтарымен қатар өзге де құқықтарға ие.

3. Аумақтық бағалаушылар палатасы аумақтық бағалаушылар палатасының мүдделері мен оның мүшелерінің мүдделері қақтығысуының туындауына әкеп соғатын немесе осындай қақтығыстың туындау қаупін төндіретін қызметті жүзеге асыруға және іс-әрекеттер жасауға құқылы емес. Мүдделер қақтығысын болғызбау мақсатында мүдделі тұлғалар аумақтық бағалаушылар палатасының мүдделерін оның қызметінің мақсаттарына қатысты сақтауға және аумақтық бағалаушылар палатасының құрылтай құжаттарында көзделген мақсаттарға қайшы келетін мақсаттарда өз кәсіби міндеттерін жүзеге асыруға байланысты мүмкіндіктерін пайдаланбауға немесе мұндай мүмкіндіктердің пайдаланылуына жол бермеуге тиіс. Мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу бойынша шаралар аумақтық бағалаушылар палатасының жарғысында, бағалау қызметінің стандарттарында және қағидаларында белгіленеді.

4. Аумақтық бағалаушылар палатасы:

1) өз мүшелерінің бағалау қызметі туралы заңнама талаптарын, бағалау стандарттарын, іскерлік және кәсіби әдеп қағидаларын сақтауын қамтамасыз етуге;

2) өз мүшелерінің бағалау қызметі саласында көрсетілетін қызметті тұтынушылар және үшінші тұлғалар алдындағы мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз ету үшін аумақтық бағалаушылар палатасының өтем қорын қалыптастыруға;

3) тоқсан сайын, есептік тоқсаннан кейін келетін бірінші айдың 20-күнінен кешіктірмей, Республикалық бағалаушылар палатасына бағалаушы ұйымдардың - аумақтық бағалаушылар палатасы мүшелерінің қызметі (қалалар, облыстар тұрғысында жүргізілген бағалау саны), аумақтық бағалаушылар палатасы жүргізген тексерулер, оның ішінде жүргізілген тексеру негіздері мен нәтижелері, оның ішінде жүргізілген тексеру барысында анықталған бағалаушы ұйымның, қолданыстағы заңнамада белгіленген міндеттерін бұзуы туралы мәліметтер көрсетіле отырып, жоспарлы және жоспардан тыс жүргізілген тексерулер саны туралы статистикалық ақпаратты уәкілетті орган бекіткен нысан бойынша ұсынуға;

4) аумақтық бағалаушылар палатасы мүшелердің тізілімін жүргізуге және осы тізілімде қамтылған ақпаратты Республикалық бағалаушылар палатасына, мүдделі тұлғаларға уәкілетті орган белгілеген тәртіппен беруге міндетті.

### **21-бап. Аумақтық бағалаушылар палатасының жауапкершілігі**

1. Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасын бұзғаны үшін аумақтық бағалаушылар палатасы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ж а у а п т ы л ы қ т а б о л а д ы .

2. Уәкілетті мемлекеттік орган, егер тексерілетін бағалаушылар палатасының қызметі жеке және заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарына, бостандықтарына және заңды мүдделеріне, адамдардың өмірі мен денсаулығына,

қоршаған ортаға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне тікелей қауіп төндіретін болса, мемлекеттік қадағалау тәртібімен бағалаушылар палатасының қызметін мәжбүрлі түрде тоқтатады.

## **22-бап. Аумақтық бағалаушылар палатасы мүшелігіне қабылдау тәртібі**

1. Аумақтық бағалаушылар палатасы мүшелігіне қабылдау тәртібін Республикалық бағалаушылар палатасы белгілейді.

2. Аумақтық бағалаушылар палатасы мүшелігіне қабылдау туралы өтініш аумақтық бағалаушылар палатасына келіп түскен кезден бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қаралады. Өтінішке тізбесі аумақтық бағалаушылар палатасының ішкі құжаттарымен айқындалатын құжаттар қоса беріледі. Аумақтық бағалаушылар палатасы мүшелігіне қабылдау туралы шешімді аумақтық бағалаушылар палатасының басқармасы қабылдайды.

3. Аумақтық бағалаушылар палатасының мүшелігіне қабылдаудан бас тарту туралы шешімге сотқа шағым жасалуы мүмкін.

## **23-бап. Аумақтық бағалаушылар палатасына мүшелікті тоқтату**

1. Аумақтық бағалаушылар палатасы мүшелігінен шығару аумақтық бағалаушылар палатасының ішкі құжаттарына сәйкес мынадай:

1) аумақтық бағалаушылар палатасы мүшесінің өтініші бойынша;  
2) аумақтық бағалаушылар палатасының мүшесін бағалау қызметін жүзеге асыру лицензиясынан айырған;

3) аумақтық бағалаушылар палатасының мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасын және аумақтық бағалаушылар палатасының ішкі құжаттарын, сондай-ақ бағалау қызметін жүзеге асырған кезде іскерлік және кәсіптік әдеп қағидаларын, бағалау ұйымдарының мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз ету тәртібіне қойылатын талаптарды жүйелі түрде бұзған жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Аумақтық бағалаушылар палатасының мүшелігінен шығаруға сотта шағым жасалуы мүмкін.

## **24-бап. Республикалық бағалаушылар палатасы**

1. Республикалық бағалаушылар палатасы коммерциялық емес ұйымдарда өзге ұйымдық-құқықтық нысанда құрылады.

Республикалық бағалаушылар палатасы өзінің құрамында Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген аумақтық бағалаушылар палаталарын біріктіретін коммерциялық емес өзін-өзі реттейтін ұйым болып табылады.

2. Республикалық бағалаушылар палатасының негізгі міндеттері Республикалық бағалаушылар палатасы мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бағалау қызметін жүзеге асырудың бірыңғай шарттарын қамтамасыз ету болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының аумағында бір Республикалық бағалаушылар

п а л а т а с ы

қ ұ р ы л а д ы .

Республикалық бағалаушылар палатасының қызметі осы Заңда және жарғыда р е т т е л е д і .

4. Республикалық бағалаушылар палатасы халықаралық бағалаушылар бірлестіктеріне кіруге құқылы.

5. Республикалық бағалаушылар палатасын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

### **25-бап. Республикалық бағалаушылар палатасының құқықтары мен міндеттері**

1. Республикалық бағалаушылар палатасы:

1) мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ халықаралық кәсіптік бағалаушылар ұйымдарында аумақтық бағалаушылар палаталарының мүдделерін білдіруге;

2) аумақтық бағалаушылар палаталарының құқықтары мен заңды мүдделерін қ о р ғ а у ғ а ;

3) бағалау қызметі жөніндегі халықаралық ұйымның жұмысына қатысуға;

4) бағалау қызметі саласында оқу құралдарын, әдістемелік нұсқамаларды мерзімдік баспа басылымдарын әзірлеуге, шығаруға және таратуға;

5) бағалау қызметі саласында мемлекеттік саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар ә з і р л е у г е құқылы.

2. Республикалық бағалаушылар палатасы:

1) бағалау қызметі саласындағы мамандарды кәсіптік қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеуге және бекітуге;

2) біліктілігін арттыру курсынан еткені туралы сертификаттар беру қағидасын б е к і т у г е ;

3) бағалаушылар палатасына аумақтық бағалаушылар палаталарының бағалау қызметі саласында көрсетілетін қызметті, тұтынушылардың өтінішін, өтінішхатын, ш а ғ ы м д а р ы н қ а р а у ғ а ;

4) Республикалық бағалаушылар палатасы мүшелерінің тізілімін жүргізуге және осы тізілімде қамтылған ақпаратты уәкілетті орган белгілеген тәртіпке уәкілетті органға, мүдделі адамдарға ұсынуға;

5) Біліктілік комиссиясын құруға;

6) мүдделі адамдар аумақтық бағалау палатасының сарапшылары жүргізген бағалау туралы есептік сараптама нәтижелерімен келіспеген жағдайда, бағалау туралы е с е п к е с а р а п т а м а жүргізуге;

7) есептік сараптама жүргізу тәртібін, сараптамалық қорытындыға қойылатын т а л а п т а р д ы б е л г і л е у г е ;

8) бағалау қызметінің дамуына, оның тиімділігін арттыруға, бағалаушылардың, бағалау ұйымдарының, аумақтық бағалаушылар палаталарының қызметін



- ұйымдастыруға және үйлестіруге жәрдемдесуге;
- 9) "бағалаушы" біліктілігін беру туралы куәліктен айыру, бағалау ұйымдарының лицензияларын беру, тоқтата тұру, тоқтату және айыру туралы мәліметтерді өзінің интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастыруға және (немесе) мерзімдік баспа басылымдарында жариялауға;
- 10) бағалаушыларға кандидаттарға біліктілік емтиханын жүргізу қағидасының тәртібін әзірлеуге және бекітуге;
- 11) Біліктілік комиссиясының қызметін қалыптастыру және жүзеге асыру қағидаларын әзірлеуге және бекітуге;
- 12) бағалау стандарттарын, оларды қолдану жөніндегі әдістемелік нұсқамаларды қолдану үшін жағдайларды қамтамасыз етуге;
- 13) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей, бағалаушы ұйымдардың қызметі туралы статистикалық ақпаратты уәкілетті орган бекіткен нысанда уәкілетті органға беруге (қалалар, облыстар бөлінісіндегі жүргізілген бағалау саны), (аумақтық бағалаушылар палаталары жүргізген тексерулер саны, оның ішінде, жоспарлы және жоспардан тыс жүргізілген тексерулердің негіздері және нәтижелері туралы мәліметтерді көрсете отырып, оның ішінде, жүргізілген тексерулер барысында айқындалған қолданыстағы заңнамада белгіленген бағалаушы ұйымның міндеттерін бұзушылықтарды);
- 14) палата мүшелігіне қабылдау және палата мүшелігінен шығару негіздерін көрсете отырып, бағалаушылар палатасына мүшелікке қабылдаудың бірыңғай қағидалары мен шарттарын әзірлеуге және бекітуге;
- 15) халықаралық стандарттарды қазақ тіліне ресми аударуды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға;
- 16) аумақтық палата мүшелігіне қабылдау және палата мүшелігінен шығару негіздерін көрсете отырып, бағалаушылар палатасына мүшелікке қабылдаудың бірыңғай қағидалары мен шарттарын әзірлеуге және бекітуге;
- 17) сапаға сыртқы бақылау жүргізу қағидаларын әзірлеуге және бекітуге;
- 18) бағалаушының іскерлік және кәсіптік әдеп қағидаларын әзірлеуге және бекітуге міндетті.

## **26-бап. Бағалаушылар палатасының басқару органдары**

1. Бағалаушылар палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы Бағалаушылар палатасының жоғары басқару органы болып табылады. Бағалаушылар палатасы мүшелерінің жалпы жиналысы жарғыда белгіленген тәртіппен жылына кемінде бір рет шақырылады.

Жалпы жиналыстың ерекше құзыретіне:

- 1) бағалаушылар палатасының жарғысын қабылдау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 2) бағалаушылар палатасының төрағасын, басқарма және ревизиялық комиссия

м ү ш е л е р і н

с а й л а у ;

3) бағалаушылар палатасы қызметінің негізгі бағыттарын айқындау;

4) бағалаушылар палатасының бюджетін бекіту;

5) бағалаушылар палатасының қаржы-шаруашылық және ұйымдастырушылық қызметінің нәтижелері туралы бағалаушылар палатасы басқармасының, төрағасының және ревизиялық комиссиясының есептерін жарғыда белгіленген тәртіппен және кезеңділікпен бекіту ;

6) бағалаушылар палатасына мүшелік туралы ережені бекіту;

7) біліктілік емтиханын тапсырған бағалаушылар палатасының, мүшесін бағалаушылар палатасының сарапшылық кеңесінің мүшелігіне сайлау;

8) коммерциялық емес ұйымды ерікті тарату туралы шешімді қабылдау жатады.

Бағалаушылар палатасының жарғысында шешімдерді қабылдау жалпы жиналыстың ерекше құзыретіне жататын өзге мәселелер де көзделуі мүмкін.

2. Бағалаушылар палатасын басқаруды бағалаушылар палатасы мүшелерінің жалпы жиналысында сайланған бағалаушылар палатасының басқармасы және төрағасы жүзеге асырады .

Басқарма құрамына кемінде бес адам кіретін бағалаушылар палатасының басқару органы болып табылады. Басқару мүшелері жасырын дауыс беру арқылы үш жыл мерзімге сайланады .

3. Бағалаушылар палатасы мүшелерінің жиналысын шақыру тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ бағалаушылар палатасының төрағасы мен басқару органдарының өкілеттіктері бағалаушылар палатасының жарғысында айқындалады.

4. Бағалаушылар палатасының төрағасы болып сайлау күніне дейін бағалаушылар палатасының мүшесі болған бағалаушы сайланады. Бағалаушылар палатасының төрағасы жасырын дауыс беру арқылы үш жылға сайланады. Бір адам қатарынан екі рет төраға болып сайлана алмайды .

Бағалаушылар палатасының төрағасы:

1) бағалаушылар палатасының жұмысын ұйымдастырады, бағалаушылар палатасына жүктелген міндеттердің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

2) бағалаушылар палатасының жұмысын басқарады, бағалаушылар палатасының қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және одан босатады;

3) мемлекеттік органдарда, қоғамдық ұйымдарда, басқа ұйымдарда бағалаушылар палатасының мүдделерін білдіреді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, бағалаушылар палатасының жарғысында көзделген өзге өкілеттіктерді жүзеге асырады.

### **27-бап. Бағалау қызметін жүзеге асыру кезінде мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету**

1. Бағалаушы немесе бағалаушылар қол қойған, бағалаушы ұйымның басшысы бекіткен есепте көрсетілген бағалау объектісінің нарықтық немесе өзге құнының

қорытынды шамасын пайдалану салдарынан бағалау жүргізуге шарт жасасақан тапсырыс берушіге келтірілген залалдар немесе үшінші тұлғаларға келтірілген зиян толық көлемде өтелуге жатады.

Аумақтық бағалаушылар палатасының өтем қоры қаражаты шегінде аумақтық бағалаушылар палатасы өз мүшелерінің зиян келтіруі салдарынан туындаған міндеттемелері бойынша жауапты болады. Аумақтық бағалаушылар палатасының өтем қоры жеткіліксіз болған жағдайда, тапсырыс берушіге залал келтірген бағалаушы ұйым өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауапты болады.

Залалды немесе мүліктік зиянды өтеген аумақтық бағалаушылар палатасы бағалаушы ұйымға регресс құқығына ие болады.

2. Өтемақы қоры есебінен залалды өтеу туралы талап залал келтірілген кезде мүшесі бағалаушы ұйым болатын немесе болған аумақтық бағалаушылар палатасына қойылады.

3. Сарапшысы немесе сарапшылары оң сараптамалық қорытынды дайындаған және бекіткен аумақтық бағалаушылар палатасы бағалау жүргізуге Шарт жасасқан тапсырыс берушіге келтірілген залалдары үшін немесе бағалау стандарттарының талаптарын сот анықтаған бұзушылықтар салдарынан бағалаушы ұйымның әрекетімен (әрекетсіздігімен) үшінші тұлғаларға мүліктік зиян үшін жауапты болады. Бұл ретте бағалауға тапсырыс берушіге және (немесе) үшінші тұлғаға залалдарды немесе мүліктік зиянды өтеу мүшелері сарапшы немесе сарапшылар болып табылатын аумақтық бағалаушылар палатасының өтем қоры есебінен жүргізіледі.

### **28-бап. Өтем қоры**

1. Өтем қоры бастапқыда аумақтық бағалаушылар палатасы мүшелерінің жарналары есебінен әрбір мүшеге қатысты 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде тек ақшалай нысанда қалыптастырылады.

2. Өтем қорының қаражаты аумақтық бағалаушылар палатасының есеп айырысу шотына орналастырылады.

3. Мыналарды:

1) қате аударылған қаражатты қайтару;  
2) осы Заңның 23-бабында көзделген жауапкершіліктің туындауы нәтижесінде төлемдерді жүзеге асыру (зиянды өтеу мақсатындағы төлемдер және сот шығындары) жағдайларын қоспағанда, аумақтық бағалаушылар палатасының өтем қоры қаражатынан төлемдерді жүзеге асыруға жол берілмейді.

4. Осы Заңның 27-бабының 1-тармағына сәйкес аумақтық бағалаушылар палатасының өтем қоры қаражатынан төлемдер жүзеге асырылған жағдайда, объектілерді бағалау жөніндегі жұмыстарының кемшілігі салдарының кінәсінен зиян келтірілген аумақтық бағалаушылар палатасының мүшесі немесе оның бұрынғы мүшесі, сондай-ақ аумақтық бағалаушылар палатасының өзге де мүшелері аумақтық бағалаушылар палатасының өтем қорына мұндай қордың мөлшерін ұлғайту

мақсатында аумақтық бағалаушылар палатасының жарғысында белгіленген тәртіппен және мөлшерге дейін көрсетілген төлемдер жүзеге асырылған күннен бастап екі айдан аспайтын мерзімде оған жарналар салуға тиіс.

### **29-бап. Сапаны бақылау және оның түрлері**

1. Сапаны бақылау бағалаушылардың және бағалау ұйымдарының бағалау стандарттарының талаптарын сақтауына бағытталған.

2. ішкі және сыртқы сапаны бақылау сапаны бақылау түрлері болып табылады.

Сапаны ішкі бақылауды бағалау ұйымы бағалау стандарттарына және өз мүшелерінің жұмыс сапасын бақылау қағидаларына сәйкес дербес жүзеге асырады.

Сапаны сыртқы бақылауды аумақтық бағалаушылар палатасы өз мүшелеріне қатысты екі жылда бір рет жүзеге асырады.

3. Сапаны сыртқы бақылауды жүргізу қағидаларын Республикалық бағалаушылар п а л а т а с ы ә з і р л е й д і .

4. Бағалау ұйымы аумақтық бағалаушылар палатасының қорытындысына сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

### **30-бап. Аумақтық бағалаушылар палатасының сапаны сыртқы бақылауды жүргізу тәртібі**

1. Аумақтық бағалаушылар палатасы мүшелерінің бағалау қызметінің сапасын бақылау жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер арқылы жүргізіледі.

Жоспарлы тексерудің нысанасы бағалаушылар палатасы мүшелерінің осы Заңның, бағалау стандарттарының талаптарын сақтауы болып табылады. Жоспарлы тексеру екі жылда бір реттен жиі жүргізілмейді.

Б а ғ а л а у ұ й ы м ы н ы ң :

1) Заңның, бағалау стандарттарының талаптарын;

2) іскерлік және кәсіптік әдеп қағидаларын бұзғаны туралы аумақтық бағалаушылар палатасына дәлелді шағым жіберуі жоспардан тыс тексеру жүргізу үшін негіз болып т а б ы л а д ы .

2. Жоспардан тыс тексеру жүргізу барысында шағымда көрсетілген фактілер ғана з е р т т е л у г е ж а т а д ы .

Бағалау ұйымы тексеру жүргізу үшін шағымда баяндалған мәселелер бойынша ақпаратты бағалаушылар палатасының ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен бағалаушылар палатасының сұрау салуы бойынша ұсынуға міндетті.

Аумақтық бағалаушылар палатасы, сондай-ақ тексеру жүргізуге қатысатын оның қызметкерлері мен лауазымды адамдары тексеру жүргізу барысында алынған мәліметтердің жарияланбауына және таратылмауына осы Заңға және басқа заңдарға сәйкес жауапты болады. Бағалау ұйымының тексеру жүзеге асырылып жатқан қызметкерлері болып табылатын бағалаушылар палатасының қызметкерлері мен лауазымды адамдары тексеру жүргізуге қатысуға құқылы емес.

3. Аумақтық бағалаушылар палатасының басқармасы бағалаушылар палатасының

мүшесін анықталған бұзушылықтарды жоюға міндеттейтін және осындай бұзушылықтарды жою мерзімін белгілейтін ұйғарым шығару туралы шешім қабылдайды.

Аумақтық бағалаушылар палатасының ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда, аумақтық бағалаушылар палатасының басқармасы:

- 1) аумақтық бағалаушылар палатасы мүшесіне ескерту жасау;
- 2) аумақтық бағалаушылар палатасы мүшелігінен шығару;
- 3) бағалаушылар палатасының ішкі құжаттарында белгіленген өзге де шаралар туралы шешім қабылдайды.

Аумақтық бағалаушылар палатасының мүшелігінен шығару туралы шешім аумақтық бағалаушылар палатасы басқармасының отырысына қатысып отырған мүшелерінің кемінде жетпіс бес пайыз дауысымен қабылдануы мүмкін.

Аумақтық бағалаушылар палатасының басқармасы шешім қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде аумақтық бағалаушылар палатасы осындай шешімнің көшірмесін бағалаушылар палатасының мүшесіне және жіберген шағымы бойынша осындай шешім қабылданған адамға жібереді.

### **31-бап. «Бағалаушы» біліктілігін беруге кандидаттардың біліктілігін растау**

1. «Бағалаушы» біліктілік куәлігі адамның бағалаушыға кандидаттың осы Заңда, стандарттарда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген даярлық, кәсіби білім және дағдылар деңгейіне қойылатын талаптарға сай екендігін растайтын құжат болып табылады.

Біліктілік емтиханы жазбаша нысанда жүргізіледі.

2. Біліктілік емтиханына жоғары білімі бар, Республикалық бағалаушылар палатасы бекіткен бағдарламаға және сағат көлеміне сәйкес оқытудан немесе қайта даярлаудан өткен және бағалаушы ұйымда бағалаушының көмекшісі ретінде кемінде бір жыл еңбек өтілі бар адамдар жіберіледі.

3. Біліктілік емтиханын тапсырған адамдар куәліктің нөмірі, тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) көрсетілген «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәлік алады.

«Бағалаушы» біліктілігін беру туралы шешім Республикалық бағалаушылар палатасының интернет-ресурсында орналастырылады және (немесе) Біліктілік комиссиясы айқындайтын мерзімді баспа басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады.

4. Біліктілік емтиханын тапсыра алмаған адамдар Біліктілік комиссиясы шешім қабылдаған кезден бастап үш ай өткеннен кейін одан қайта өтуге жіберіледі.

5. Адамдардың, сондай-ақ «бағалаушы» біліктілігін алуға үміткер адамдардың біліктілігін растау үшін біліктілік емтиханынан өту қағидаларын Республикалық бағалаушылар палатасы уәкілетті органмен келісім бойынша бекітеді.

### **32-бап. Біліктілік комиссиясы**

1. Біліктілік комиссиясын Республикалық бағалаушылар палатасы құрады. Біліктілік комиссиясы «бағалаушыға» кандидаттардың біліктілігін растау және аумақтық бағалаушылар палатасы, Республикалық бағалаушылар палатасы сарапшыларына біліктілік емтихандарын қабылдау үшін құрылады.

2. Біліктілік комиссиясы уәкілетті органның аккредиттеуіне жатады. Біліктілік комиссиясын аккредиттеуді жүргізу тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

Аккредиттеуді жүргізу үшін Республикалық бағалаушылар палатасы аккредиттеуден екі ай бұрын уәкілетті органға мына құжаттарды:

- 1) өтінімді;
- 2) Республикалық бағалаушылар палатасы жарғысының көшірмесін;
- 3) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін;
- 4) Біліктілік комиссиясы мүшелерінің жоғары білімі туралы мемлекеттік үлгідегі дипломдардың көшірмесін;
- 5) Біліктілік комиссиясы мүшелерінің еңбек кітапшаларының көшірмесін ұсынуға тиіс.

Өтінімнің нысанын және өтініммен бірге берілетін құжаттар тізбесін уәкілетті орган белгілейді.

Біліктілік комиссиясын аккредиттеу туралы шешім қабылдау үшін уәкілетті орган өз бұйрығымен төраға басқаратын аккредиттеу жөніндегі сарапшылық комиссияның құрамын қалыптастырады және бекітеді. Тексеру нәтижелері бойынша сарапшылық комиссия акт жасайды. Аккредиттеу туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды. Аккредиттеудің оң нәтижелері негізінде уәкілетті орган басшысы қол қойған аккредиттеу аттестаттары беріледі. Аттестаттың қолданылу мерзімі аттестат берілген күннен бастап 1 жыл.

Біліктілік комиссиясы аккредиттеу аттестатын алу үшін мынадай критерийлерге сай болуға:

- 1) Біліктілік комиссиясы мүшелерінің жоғары білімі болуға;
- 2) Біліктілік комиссиясы мүшелерінің бағалау қызметі саласында кемінде бес жыл жұмыс өтілі, уәкілетті орган тағайындаған өкілдерді қоспағанда, «бағалаушы» біліктілігін тану туралы куәлігі болуға;
- 3) Біліктілік комиссиясының қызметін қалыптастырудың және жүзеге асырудың Республикалық бағалаушылар комиссиясы бекіткен қағидалары болуы тиіс.

Біліктілік комиссиясының аккредиттеу критерийлеріне сәйкес келмейтін еместігі анықталған кезде уәкілетті орган аккредиттеуден бас тарту себептерін көрсете отырып, Республикалық бағалаушылар палатасын бас тарту туралы хабардар етуге тиіс.

Аккредиттелген Біліктілік комиссиясын жаңа мерзімге аккредиттеу Республикалық бағалаушылар палатасы табыс еткен жаңа мерзімге өтінім негізінде аккредиттеу аттестатының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жүргізіледі, ол аккредиттеу аттестатының қолданыс мерзімі аяқталғанға дейін 6 айдан кешіктірілмей уәкілетті

о р г а н ғ а б е р і л у г е т и і с .

4. Біліктілік комиссиясының құрамына кемінде он жеті адам болатын мүшелерінің тақ саны, оның ішінде уәкілетті орган тағайындаған өкілдер, аумақтық бағалаушылар палатасы жіберген өкілдер кіруге тиіс.

Аумақтық бағалаушылар палаталарының өкілдері қатарынан жіберген Біліктілік комиссиясының мүшелері бір жыл мерзімге сайланады.

5. Біліктілік комиссиясының төрағасы жай көпшілік дауыспен бір жыл мерзімге сайланады. Бір адам екі рет қатарынан төраға болып сайлана алмайды.

6. Біліктілік комиссиясының қызметін қаржыландыруды және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді құрылтайшылар (қатысушылар) меншікті қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге көздер есебінен жүзеге асырады.

7. Біліктілік комиссиясы бағалаушыға кандидаттарды сертификаттау бағдарламасын әзірлейді және бекітеді.

### **33-бап. «Бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәліктің күшін тоқтата тұру және одан айыру**

«Бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәліктің күшін тоқтата тұру және одан айыру әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға сәйкес сот шешімі бойынша жүзеге асырылады.

«Бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәліктің күшін тоқтата тұру және одан айыру туралы шешімді аумақтық бағалаушылар палатасы өзінің интернет-ресурсында орналастырады және (немесе) мерзімді баспа басылымында мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялайды.

«Бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәліктен айырылған адамдарға біліктілігін қайтадан растауға үш жылдан кейін ғана рұқсат етіледі.

## **6-тарау. Тапсырыс берушінің құқықтары мен міндеттері**

### **34-бап. Тапсырыс берушінің құқықтары**

Т а п с ы р ы с б е р у ш і н і ң :

1) бағалау ұйымынан бағалау жүргізуге қатысты заңнаманың талаптары туралы толық ақпарат алуға;

2) бағалаушының бағалау туралы есебі мен тұжырымдары негізделетін нормативтік құқықтық актілермен танысуға;

3) бағалау ұйымынан бағалау жүргізу әдістері туралы қажетті ақпарат алуға;

4) бағалау ұйымы шарттың талаптарын бұзған жағдайда оның қызмет көрсетуінен бас тартуға құқығы бар.

### **35-бап. Тапсырыс берушінің міндеттері**

## Тапсырыс беруші:

1) бағалаушыға шартқа сәйкес бағалауды уақтылы және сапалы жүргізу үшін жағдай жасауға;

2) бағалаушыға бағалауды жүргізу үшін қажетті құжаттаманы, толық және дұрыс ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ қажетті түсініктемелер беруге, бағалаушының бағалау объектісіне қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

3) егер бағалаудың дұрыстығына теріс ықпал ететін болса, бағалаушының қызметіне араласпауға;

4) бағалаушының талабы бойынша бағалауды жүргізу үшін қажетті ақпарат алуға өз атынан үшінші тұлғалардың атына жазбаша сұрау салуды жіберуге міндетті.

### **36-бап. Дауларды қарау**

Бағалау қызметін жүзеге асыру кезінде бағалау ұйымы, тапсырыс беруші мен үшінші тұлғалар арасында туындайтын, оның ішінде бағалау есебінің сараптамасын жүргізу арқылы шешілмеген даулар сот тәртібімен шешіледі.

## **7-тарау. Бағалау қызметін мемлекеттік реттеу**

### **37-бап. Бағалаушылар палаталарының және бағалау ұйымының қызметін бақылау**

1. Уәкілетті орган осы Заңның талаптарын Республикалық бағалаушылар палатасының, аумақтық бағалаушылар палаталарының және бағалау ұйымдарының орындауына бақылауды жүзеге асырады.

2. Осы Заңның талаптарын аумақтық бағалаушылар палаталарының орындауына бақылауды аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

3. Бақылау тексеру нысанында және бақылаудың өзге де нысандарында жүзеге асырылады.

Тексеру «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Бақылаудың өзге де нысандары осы Заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу анықталған жағдайда аумақтық әділет органы аумақтық бағалаушылар палатасына бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс жібереді. Белгіленген мерзімде бұзушылықтар жойылмаған кезде аумақтық әділет органы Қазақстан Республикасы заңнамасының анықталған бұзушылықтарын жоюды мәжбүрлеу туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

### **38-бап. Бағалау қызметі саласындағы уәкілетті органның құзыреті**

Уәкілетті органның құзыретіне:

1) бағалау қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;



- 2) өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту;
- 3) бағалау қызметін лицензиялау;
- 4) Біліктілік комиссиясын аккредиттеу;
- 5) Біліктілік комиссиясын қалыптастыру және оның қызметін жүзеге асыру  
қ а ғ и д а л а р ы н б е к і т у ;
- 6) бағалау қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу;
- 7) бағалау ұйымдары мен бағалаушылар палаталары тізілімдерінің нысандарын  
б е к і т у ;
- 8) «бағалаушы», «сарапшы» біліктілігін беру туралы куәліктердің нысандарын,  
біліктілік беру туралы куәліктерін беру, олардың күшін жою және тізілімін жүргізу  
т ә р т і б і н б е к і т у ;
- 9) бағалау қызметі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 10) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы»  
Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің,  
тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін,  
тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлеу;
- 11) уәкілетті органның интернет-ресурсында бағалау ұйымдарының тізілімін  
орналастыру және оны ай сайын жаңарту;
- 12) бағалау ұйымдарының қызметі бөлігіндегі статистикалық ақпаратты жинау;
- 13) халықаралық стандарттарды жариялау;
- 14) сапаға сыртқы бақылау жүргізу тәртібін бекіту;
- 15) бағалау стандарттарын бекіту;
- 16) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан  
Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде  
көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

### **39-бап. Қазақстан Республикасында бағалау қызметін лицензиялау**

Бағалау қызметін лицензиялау Қазақстан Республикасының рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **8-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер**

### **40-бап. Бағалау қызметі туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауаптылық**

Бағалау қызметі туралы заңнаманы бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

### **41-бап. Өтпелі ережелер**

1. Біліктілік комиссиясын осы Заңның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай ішінде Республикалық бағалаушылар палатасы құрады.

2. Бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке тұлғалар осы Заңның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай ішінде біліктілік емтиханынан өтпестен «бағалаушы» біліктілігін беру туралы куәлікті алуға құқылы.

3. Бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды тұлғалар осы Заңның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай ішінде өз қызметін осы Заңға сәйкестікке келтіруге міндетті.

4. Республикалық бағалаушылар палатасы мен аумақтық бағалаушылар палатасы осы Заңның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай ішінде өз қызметін осы Заңға сәйкестікке келтіруге міндетті.

Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін атауларында «бағалаушылар палатасы» деген толық немесе ішінара сөз тіркестерін пайдалана отырып тіркелген және Республикалық бағалаушылар палатасының мүшелері болып табылмайтын заңды тұлғалар осы Заңның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай ішінде қайта құрылуға немесе таратылуға жатады.

5. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен бағалау стандарттарын бағалаушылар және бағалау ұйымдары халықаралық стандарттар жарияланғанға дейін және халықаралық стандарттарға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген, уәкілетті орган бекіткен бағалау стандарттары қолданысқа енгізілгенге дейін қолданады.

#### **42-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

1 . О с ы З а ң :

1) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін бір жыл өткен соң қолданысқа енгізілетін 14-баптың 1, 2-тармақтарын, 16-баптың 13) тармақшасын, 20-баптың 1-тармағының 5) тармақшасын, 29-баптың 2-тармағының үшінші бөлігін, 30-бапты;

2) алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізілетін 41-бапты қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа е н г і з і л е д і .

2. «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» 2000 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 20, 381-құжат; 2001 ж., № 24, 338-құжат 2003 ж.; № 3, 19-құжат; № 10, 54-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 23, 97-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6 , 49-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 14, 95-құжат, № 15, 97-құжат, 2014 ж., № 1, 4-құжат) күші жойылды деп танылсын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК